



## Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Е.А. Алтаев<sup>1\*</sup>, С.К. Әлібеков<sup>2</sup>, Т.У. Умиржанов<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

<sup>2</sup>Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

<sup>3</sup>Қызылорда облыстық адвокаттар алқасы, Қызылорда, Қазақстан

(<sup>1</sup>altaeverlan@mail.ru, <sup>2</sup>serikkali.alibekov@yu.edu.kz, <sup>3</sup>tlektes.59@mail.ru)

**Аннотация.** Мақалада авторлар Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық процестік кодексіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында жан-жақты талдау жасайды. Зерттеу барысында батыс Еуропа елдерінің кейбіреуіндегі қылмыстық сот өндірісіне қатысты тиімді тәжірибелерді басшылыққа алады.

Авторлар зерттеу нәтижесінде қылмыстық процестік заңнамадағы қылмыстық қудалау органдарына берілген дискрециялық өкілеттіліктердің шамадан тыс болуына орай қайта қарауды, «тергеу әрекеттері» ұғымы белгілерінің сәйкес келмеуі, тергеуші тарапынан қадағалау мүмкіндігінің шектелгендігіне және соған сәйкес жедел іздестіру уәкілдері тарапынан фальсификация жасалу қаупінің алдын алу мақсатында жасырын тергеу әрекеттері институтын, прокурордың жауапкершілігін арттыру үшін және өндірісте сирек кездесетін жағдай болуына орай, сондай-ақ Бельгия мемлекетінің тәжірибесін басшылыққа ала отырып, қылмыстық іс бойынша айыптаудан бас тарту, прокурордың сотталушы тарапынан жасалды делінген қылмыстық іс әрекетті қайта саралау юрисдикцияларын, бұлтартпау шаралары қатарынан ұйқамақ және кепіл түрлерін алып тастауды, қорғау тарабының іс материалдарымен іске тігілген уақытында танысу құқығы, жариялылық, заңдылық, жарыспалылық қағидаларын шынайы түрде сақталу жүйесін жетілдіруді ұсынады.

Жалпы алғанда авторлар қазіргі ұсынылып және енгізу жұмыстары жүріп жатқан қылмыстық сот өндірісінің үш буынды моделін, ондағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмас үшін толыққанды зерттеуді ұсынады.

**Түйін сөздер:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, дискрециялық өкілеттілік, үш буынды модель, жасырын тергеу әрекеті, прокурор, бұлтартпау шаралары, қорғау тарабы.

## Кіріспе

Қылмыстық сот өндірісі заман талабына сай өзгеріп отыруы тиіс. Қазіргі қоғам осыны талап етеді. Жаңа әділетті Қазақстан құру жолында сыбайластыққа жол жоқ. Бұл өз кезегінде мақаланың мақсаты болып табылатын қолданыстағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын нормативтік құқықтық актілерді толықтай алғанда және оның ішінде Қылмыстық процесілік кодексті қайта қарауды талап етеді.

Осыған орай мақаланың мақсаты негізгі құқықтық нормаларға талдау жасап, ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

## Зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында жалпы ғылыми зерттеу әдістері, яғни, логикалық, бақылау, салыстыру әдістері қолданылды

## Талдау

Біріккен Ұлттар ұйымының Бас Ассамблеясының 2003 жылғы 31 қазандағы 58/4 қарарымен қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында «Әрбір қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасында көзделген, Конвенцияға сәйкес деп танылған қылмыстар үшін адамдарды қылмыстық қудалауға жататын кез келген дискрециялық заңды өкілеттіктерді осы қылмыстарға қатысты құқық қорғау шараларының барынша тиімділігіне қол жеткізу үшін пайдалануды қамтамасыз етуге және осындай қылмыстардың жасалуына кедергі жасау қажеттігін тиісті түрде ескере отырып, қамтамасыз етуге ұмтылады» делінгенін. Осыған орай сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты қолданыстағы ұлттық нормативтік құқықтық актілерге талдау жасайық [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» № 802 Жарлығында қылмыстық сот өндірісінің сотқа дейінге тергеп тексеру кезеңіне қатысты:

1) «Соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын барынша азайту»;

2) «Күнделікті практикада сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, әкімшілік іс жүргізудің, тексеру субъектілері мен объектілерін есепке алудың электрондық жүйелері, сондай-ақ "Qatqor" ақпараттық сервисі қолданылады»;

3) «Қылмыстық сот ісін жүргізудің үш буынды моделін енгізу де елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде пәрменді шара болады» деген жазбалар бар [2].

Бірінші жазба жалпылама болуына орай тоқталмаймыз.

Екінші жазбада сыбайлас жемқорлықты цифрландыру арқылы азайту қарастырылады. Әрине цифрландыру жариялылықты арттырады, бірақ дискрециялық өкілеттіктер айналасындағы мәселелерді шешпейді.

Үшінші жазбада үш буынды модель туралы. Бұл моделдің ерекшелігі қылмыстық сот өндірісіндегі қылмыстық қудалау органдарының ішінде атқаратын қызметтерінің нақтылануы. Яғни, қылмыстық процесте қылмыстық құқық бұзушылық орын алған жағдайды анықтау, жолын кесу, дәлелдемелерді жинау, бекіту тергеушінің құзыреті болса, прокурордың құзыреті дәлелдемелерге баға беру, айып тағу, сотта оны қолдау болып табылады.

Бұрын атқарылып келген қызметтердің бұлай бөлінуінің мәні негізсіз айып тағудың және формальды қателердің салдарынан істің бұзылуының алдын алу деп жазады [3].

Қолданыстағы қылмыстық процестік кодекс нормаларын талдау нәтижесінде тергеушінің юрисдикциясы азайғанымен жұмысының азаймағанын көріп отырмыз. Ал енді прокурордың юрисдикциясы артты деп айта аламыз ба? Ия прокурор енді айыптау актісін өзі әзірлейді. Күдіктінің іс әрекетін қайта саралайды. Тіпті айыптаудан бас тарта алады.

Бұл модель бойынша тергеуші айыптау актісінің орнына сотқа дейінгі тергеп тексерудің аяқталғаны туралы есеп әзірлейді. Ал енді ол құжаттың мазмұнында (ҚР ҚПК-ң 299 бабы) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есептің жасалған уақыты және орны, есепті жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні, күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған күні, айы, жылы және туған жері, оған жасады деп айып тағылып отырған іс-әрекет сараланатын қылмыстық заңның нақты бабы, бабының бөлігі және тармағы, қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы, жасалған орны мен уақыты, оның тәсілі, салдары және өзге де мән-жайлар, адамды айыптауға негіз болатын мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің тізбесі, айыптау актісін шығару туралы мәселені шешу үшін қылмыстық істі прокурорға жіберу және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жіберу туралы шешім қамтылуы тиіс.

Түйін. Тергеуші әзірлейтін есептің мазмұны айыптау актісінің мазмұнымен толық сәйкеседі. Тергеушінің қызметі азайған жоқ. Прокурор сол есепті назарға алмай өзі қорытынды жасайды дегенге кім сенеді. Екінші буынды жүзеге асырушы прокурор айыптау актісін жасау кезінде тікелей емес, тек құжаттардың негізінде баға береді. Ал, ол қаншалықты толықтықты, объективтілікті және жан-жақтылық қағидаларын сақтайды деген сұрақ өздігінен туындайды.

Прокурордың қадағалаудан айып тағу юрисдикциясына өтуі байқалады. Біздің ойымызша бұл субъект істі басынан бастап тергеуі керек.

Үш буынды модельді әлі де жетілдіру жөнінде ұсыныстар керек. Соның бірі ретінде өз тарапымыздан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізген лауазымды тұлға сотта да айыптауды әрі қарай жалғастыруы тиіс. Немесе соттың юрисдикциясына өзгеріс енгізу керек. Яғни, соттың формалды әрекеттерінен істің мән-жайын анықтау үшін өз бастамасымен жан-жақтылықты, толықтықты және объективтілікті сақтау бағытында екі кезеңді (сотқа дейінгі тергеу және сот тергеуі) қамтитын жүйеге өтуі қажет.

Бұл ұсыныстарда прокурор қайда қалды деген сұрақ туындайды. Прокурор тыс қалады. Соттың үстінен қадағалауды жүргізетін тұлғаның қажеті жоқ. Тек соттың өз функциясын дұрыс орындауы үшін шағым жасау институтын жетілдіру талап етіледі.

Қарастырылып отырған ұсыныс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінің мерзімі қысқа болады. Қылмыстық қудалау органдары өз юрисдикциясын сақтап

қалады. Қылмыстық қудалау және айыптау ұғымдары бір мағынаға ие болады. Қорғау функциясының рөлі артады.

Дегенмен, бұл жүзеге асуы үшін көп зерттеулер және нақты бағдарламалар қажет. Жүзеге асырылған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айтарлықтай азаяды деп есептейміз.

Келесі маңызды мәселелердің бірі жариялылық институты және оның деңгейі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жағдайын көрсетеді.

Англия, Уэльс, Дания, Бельгия сияқты елдерде бұл қағида басты назарға алынған және оның деңгейі өте жоғары [4].

«Ашық сот отырысы» және «жариялы сот отырысы» деген категориялардың қайсысын қылмыстық сот өндірісінде пайдаланған дұрысырақ? Ашық есік деген түсінік кез келген адамға кіруге және көруге болады деген мағына береді. Яғни, сот отырысына мүдделі және үшінші тұлғалардың тек процеске қатысуға мүмкіндіктерін айқындаумен шектеледі. Ал, енді жариялы ұғымы сот процесіне қатысу мүмкіндігімен қатар, іс жүргізу материалдарымен шектеусіз негізде танысу туралы ақпарат береді. Осыған орай қылмыстық сот өндірісінде «жариялы сот отырысы» деген ұғымды пайдаланған жөн деп пайымдаймыз.

Бұл мәселені талдау негізінде ҚПК-ң 29 бабында «Қылмыстық істерді талқылау барлық соттарда және сот сатыларында ашық жүргізіледі...» делінгенін ескеріп, ҚПК-тегі «ашық» деген сөздің орнына «жариялы» деп, ал «жабық» деген сөз «құпия» түрінде деген сөзбен ауыстырылуы тиіс деп есептейміз. Бұл түйіндер кейінгі жарияланымдарды кеңірек түсіндіретін болады [5].

ҚР ҚПК-нің 1-бабына сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қылмыстық іс жүргізу құқығының құрамдас бөлігі болып табылады [5]. Сот ісін жүргізудің жариялылық принципін сақтау тәжірибесіне олардың бірнешеуі арналған.

Мәселен, сот талқылауының жариялылығын заңсыз шектеу жағдайларына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы» N 25 нормативтік қаулысы [6] және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» N 1 Нормативтік қаулысы [7] арналған.

Онда былай делінген: «Сотта іс қараудың жариялылық принципінің барлық азаматтардың, оның ішінде қаралып жатқан сот ісі жөніндегі процеске тікелей қатысы жоқтардың да іс қарау барысында қатыстырылуын қамтамасыз ету керек екенін соттар ескеруі тиіс. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысының залына негізсіз жіберілмеуі сияқты жағдайларды жариялылық принципіне қайшы келетін әрекет ретінде жою керек».

Содан кейін облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 7 қарашадағы № 10-9/1017 хаты жіберілді. Онда ашық сот отырысына қатысқан азаматтардың сот талқылауының барысын жазбаша немесе аудиожазбаны пайдалана отырып, кедергісіз тіркеуге құқығы бар екендігі еске

салынды. Сот талқылауы барысында кино және фототүсірілім, бейнежазба, тікелей радио-телехабар таратуға іске қатысушы адамдардың пікірін ескере отырып, соттың рұқсаты бойынша жол беріледі. Жабық сот отырысында істер тек заңда көрсетілген негіздер бойынша және жабық сот отырысын өткізу туралы міндетті түрде ұйғарым шығарылған кезде қаралады. Заңнамалық актілердің аталған ережелері бұқаралық ақпарат құралдарында нақты істерді қарау нәтижелерін жариялау мақсатында журналистердің қатысуы олардың қалауы бойынша барлық ашық сот отырыстарында қамтамасыз етілуге тиіс екендігін айғақтайды. Ашық сот отырыстарында істерді қарау қорытындылары бойынша ақпарат алуға және таратуға журналистердің құқықтарын шектеу жергілікті сот судьяларымен қандай да бір сылтаумен шектелмеуге тиіс, делінген хатта.

2002 жылы ҚР Жоғарғы Сотының № 11 бюллетенінде сот ісін жүргізудің жариялылығын, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысына қатысуын және олардың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы жүргізген аудио-, бейнежазбаны, фото-, кинотүсірілімді қолдануын қамтамасыз ету жөніндегі сот практикасын жинақтау жарияланды. Бұл жалпылау қылмыстық процесте жеке адамның құқықтарын қорғаудың тиімділігі, сот жүйесінің беделін нығайту тәуелді болатын сот органдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылын іс жүзінде жүзеге асырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу және жұмыс жағдайын анықтау үшін жүргізілді. Құжатта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік-құқықтық реформасының ажырамас бөлігі сот жүйесінің ақпараттық саясаты болып табылады, ол сот билігі мен қоғам арасындағы қатынастарды үйлестіруге бағытталған, азаматтардың жүргізіліп жатқан реформаның күрделілігін түсінуіне, сот төрелігі идеяларын насихаттауға ықпал ететін нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, ғылыми-зерттеу, баспа және өзге де сипаттағы іс-шаралар кешенін жүргізу деп түсініледі. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында соттардың қызметін объективті жариялауға, сот жүйесі ақпараттық өрісте оқшауланбауы немесе бұғатталмауы үшін соттар шаралар қабылдауы керек.

Жариялылықты заңсыз шектеу (іс материалдарын негізсіз құпияландыру, заңда көзделмеген негіздер бойынша жабық отырыстар өткізу және т.б.) процеске қатысушылардың іс жүргізу құқықтарының кемсітілуіне және қысымына әкеп соғуы мүмкін. Осы бұзушылықтардың сипаты мен маңыздылығына байланысты іс бойынша жүргізілген іс жүргізу шығарылған шешімнің күшін жоя отырып, жарамсыз деп танылуы немесе жиналған материалдар дәлелдемелердің күші жоқ деп танылуы мүмкін.

Жоғарғы Сот сот ісін жүргізудің жариялылығы деп ашық сот талқылауын жүргізуді ғана емес, оған тараптардың қатысуын қамтамасыз етуді, іске қатыспайтын өзге де адамдардың болу мүмкіндігін де түсіну керек деп атап көрсетеді. Жариялылық процеске қатысушылардың істің барлық материалдарына, оның ішінде жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында алынған прокурордың алдын ала тергеу барысында берген нұсқауларына (заңда көзделген жағдайларды қоспағанда) қолжетімділігін болжайды. Бұдан басқа, бұл қағидатқа сот шешімін ашық түрде жариялау, тараптарды процеске басқа қатысушылардың келіп түскен шағымдарымен хабардар ету және таныстыру,

кез келген сатыдағы сотта істі қарау уақыты мен орны туралы хабардар ету, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларының бірыңғай дерекқорын құру және оларға еркін қол жеткізу, сот актілерінің орындалуы туралы ақпараттың қолжетімділігі енгізіледі. Осы айтылғандар, өз кезегінде, құқықтық сананы қалыптастыру және құқықтық мәдениетті көтеру бағытындағы шараларға жағымды ықпал еткен болар еді.

Дегенмен өндірісте осыншама құқықтық құжаттар мен хаттарға қарамастан өрескел түрде жариялылық қағидасы бұзылып жатады. Оны бұзған жағдайда әкімшілік не қылмыстық жауапкершілік жағдайларын қарастыру ұсынылады.

Қолданыстағы ҚР ҚПК-нде тергеу әрекеттері қатарына жасырын тергеу әрекеттерін, яғни жедел іздестіру қатарында болып келген шараларды енгізген.

Бұл шараларды тергеуші тікелей өзі жүзеге асырмайды. Тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде тікелей жауапты лауазымды тұлға екені барлығына мәлім, ол туралы кодексте тиісті нормалар да бар. Тергеушінің жасырын тергеу әрекеттеріндегі рөлі тек бастамашыл болуы және бәрі біткен соң нәтижесін жедел іздестіру уәкілінен алып, оған баға беруімен шектеледі. Ал енді оның барысын бақылау мүмкіндігі шектеулі.

Тергеуші лауазымды тұлға болумен қатар, ол бұқара өкілі. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің соты деп салыстырмалы түрде айтуға да болады.

Әрине жедел іздестіру шараларының нәтижелерін қылмыстық іс материалдарына қосу көптеген жылдардың проблемасы болып келді. Кеңестік заманда осылай төтеннен басуды білмеді деп айта алмаймыз. Бұл мәселе туралы мысалы М.П. Поляков мырзаның еңбегі бар [8]. Еңбекте жедел іздестіру шараларының нәтижелерін дәлелдеме ретінде негізге алу туралы жақсы алгоритм берілген.

Жалпы алғанда жасырын тергеу әрекеті ҚПК сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып табылады. Қолданыстағы ҚПК және өзге де нормативтік құқытық актілер жедел іздестіру уәкілінің қызметін бақылау тергеуші тарапынан мүмкін еместігін көрсетеді. Өз кезегінде оның барысында құқық бұзушылықтар орын алмасына не алынған айғақтардың фальсификациялануына ешкім кепіл бола алмайды. Яғни, жедел іздестіру уәкілі өзінде бар мұндай ақпаратты өз қалауынша пайдалануға мүмкіндігі бар.

Пікіріміз, жасырын тергеу әрекеті ҚР конституциясындағы, ҚР ҚПК-дегі заңдылық туралы берілген түсінікке сәйкес және онда сыбайлас жемқорлық тәуекелі болуына орай бұдан әрі әрекет етуі тиіс емес.

Қылмыстық сот өндірісіндегі жарыспалылық деңгейі арқылы елдің демократиялылығын анықтауға болады.

Жарыспалылықты дамыту бағытында қылмыстық сот өндірісі саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, бағдарламалар қабылданды, нәтижесінде тиісті нормалар қалыптасты.

Даму процесі үздіксіз екенін ескеріп, жарыспалылықты одан әрі жетілдіру бағытында біздің де бірнеше ұсыныстарымыз бар.

Жарыспалылықты күшейту, яғни сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде қорғау тарабына қылмыстық қудалау органдарының құзыретіне барабар құзырет беру қажет.

Ең бірінші көзге ілігетіні қорғау тарабының іс материалдарымен танысу мүмкіндігі. ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 61 бабы 9 бөлігі 21 тармағына сәйкес қорғау

тарабы іс материалдарымен танысуға сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін мүмкіндікке ие болады [5]. Бұл жағдай қорғау тарабының өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға деген мүмкіндіктерін кемітеді.

Сондықтан бұл нормадағы **«тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін»** деген сөздердің орнына, **«кез келген уақытта»** деген сөздермен ауыстыру ұсынылады.

Одан бөлек ҚПК-ң 61 бабы 9 бөлігі 17 тармағындағы **«өзінің қатысуымен жүргізілген»** деген сөздердің орнына **«кез келген»** деген сөздермен ауыстыру.

Әрине, тергеу құпиясына нұқсан келеді деген ойлар айтылуы мүмкін. Бірақ ойлап қарайықшы, іске мүдделі өз құқығын қорғау үшін қатысушы күдікті өзіне қатысты іс материалдарында бар құжаттармен танысқаннан, қылмыстық сот өндірісінің түпкілікті мақсатына жетуіне қандай нұқсан келуі мүмкін. Менің ойымша ол материалдарда жасырудың орнына қауіпсіздік және бұлтартпау шараларын қолдануды жетілдіру керек. Тергеу әрекеттерінің хаттамалары, сұраныс хаттар, сот сараптамасының және маманның қорытындылары, заттай дәлелдемелер, құжаттар. Тізбектелген құжаттардың анықталғанын білген күдікті не оның қорғаушысы іс бойынша мән-жайдың жан-жақты ашылуына көмектеспесе кері әсерін тигізе алмайды. Оны айтып кімнен сүйінші сұрауы мүмкін. Керісінше «бұларда маған қатысты, әрекетімді дәлелдейтін дәлелдемелер бар екен» деп процестік келісімге келуге не «шын өкінуіне» алып келеді деп ойлаймыз. Материалдардағы айғақтардың өзінің қылмыстық әрекетін дәлелдеуге жеткілікті екенін ескеріп одан әрі тергеп-тексеруге қарсы әрекет жасауды азайтуы не тіптен тоқтатуы да мүмкін. Тергеушінің құзыреттілігін мойындап, істеген ісінің дұрыс емес екеніне көзі жетіп, райынан қайтады. Осылайша сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында түзеу жұмысы басталып кетеді.

Ал енді бұл нормаларға өзгеріс енгізбейтін болсақ теріс нәтижелер орын алып, жаңа әділетті Қазақстан құрудағы межеге жете алмаймыз деп ойлаймыз.

Өзіңіз ойлап қараңыз, материалдарды жинақтап жатқан тергеуші өз қалауы бойынша өзгерісте енгізуі де мүмкін ғой. Яғни бұл жерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алуы мүмкін. Дегенмен қандай және кімнің мүддесі үшін деген сұрақ қойылады. Бұл үшін бір мысалды қарастырайық: *Іс бойынша бірнеше күдікті бар делік. Күдіктілер арасында дау бар. Қалталысы немесе пысығы тергеушіге ұсыныс жасауы мүмкін. Ал екінші күдікті одан бейхабар. Тек сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан соң ғана оған жағдай мәлім болады.* Сондықтан олардың алдын алу үшін қорғау тарабының өкілдеріне іс материалдарымен уақытында, яғни, тараптардың сұранысына қарай кез келген уақытта таныстырып отыруына мүмкіндік жасалу ұсынылады. Осы арқылы күдікті тиісті өтініш хаттарды уақытылы беріп істі созбалаңға салынбай, жылдам қарауға мүмкіндік туады. Тіптен сол кезде 37 тараудағы іс материалдармен танысуға берілетін уақытты да қысқартуға не тіптен алып тастауға болар еді.

Келесі бір норма ҚР ҚПК 340 бабы 5 бөлігі [5]. Бұл нормада прокурорға негізсіз мүмкіндік береді. Норманың мәтіні: «Егер басты сот талқылауы барысында сотталушыға неғұрлым ауыр немесе бастапқыдан ерекшеленетін айыптау тағу қажеттігі туындаса, сот істі қарауды кейінге қалдырып, прокурорға жаңа айыптау актісін, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамасын, айыптау хаттамасын жасау үшін уақыт береді».

Неліктен прокурор мұндай қадамға баруы тиіс. Сонда жоғарыда талданған үш буынды модельдің әлсіз тұстарын, прокурордың дәлелдемелерді тек материалдар негізінде бағалауы, оны жинау кезінде қатыспауы салдарынан жан-жақтылық, толық және объективтілік қағидаларының сақталмау жағдайлары орын алатынын заң шығарушы органның мойындағаны ма?

Біздің пікіріміз үш буынды модель прокурор жауапкершілігін арттыруға, кәсібилігінің артуына кері әсерін тигізеді. Қателіктің орын алуы үйреншікті болып, қорғау тарабының алдында құзыреттілігі төмендейді. Ал кей жағдайларда қорғау тарабының ашу-ызасын тудырып, сыбайластықтың салдарынан соттың қате шешім шығаруына негіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар практикада орын алып жататыны белгілі.

Осы жазылғандардың негізінде ҚР ҚПК 340 бабы 5 бөлігін мүлдем алып тастау ұсынылады [5].

Кеңестік заманда қылмыстық сот өндірісінде бұлтартпау шаралары болды. Бірақ олардың қатарында ұйқамақ не кепіл дегендері кездескен емес.

Жалпы еліміздегі бұлтартпау шараларын қолдануда қылмыстық қудалау органдарында артық дискрециялық өкілеттіліктер бар. Ал, ол өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне алып келеді.

Ұйқамақ бұлтартпау шарасының қолдану практикасына мән берсек, көп жағдайда үлкен лауазым иелеріне қатысты қолданылады екен. Қылмыстық сот өндірісіндегі теңдік қағидасы осылайша бұзылады. Яғни, бұл нормада да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалады.

Ал кепілге келер болсақ, әрине шетелде бар тәжірибе, дегенмен ұлттық сананы бұлдіруге ешкімге құқық берілмеген. Теңсіздікке алып келетін бұлтартпау шарасын көздейтін бұл норма әрекет етуі тиіс емес деп есептейміз.

Бұлтартпау шаралары қатарынан «Ұйқамақ» және «Кепіл» нормаларын алып тастау ұсынылады.

Прокурордың айыптаудан бас тартуға құқығы бар. ҚР ҚПК-нің 35 бабының 7 бөлігі: «Мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтағанда айыптаудан бас тарту туралы мәлімдеуге міндетті», 327 бабы: «...басты сот талқылауында мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда тоқтату туралы қаулы шығарады..», 337 бабының 6 бөлігі: «Прокурор, егер айыптау сот талқылауында қолдау таппады деген түйінге келсе, айыптаудан (толық немесе ішінара) бас тартуға міндетті. Сот тергеуі немесе сот жарыссөзі кезінде мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына жол беріледі» деген нормалар бар [5].

Байқағанымыздай прокурор өзі дәлелдемелерді бағалап, айыптау актісін жасап, бекітіп, кейіннен кенеттен қателік бар екенін анықтап айыптаудан бас тартады екен. Бұл жағдай практикада кездесе бермейді. Көбіне көп практикада прокурордың бастамасымен емес сот үкімімен қылмыстық іс бойынша сотталушы ақталып жатады. Егер тіптен мұндай практика болғанның өзінде оның себебі не сыбайластық салдары не жоғарыдан берілген статистика үшін тапсырма, не болмаса қалыптасқан резонансқа қатысты.

Бұл жағдай, мысалы Бельгия елінде қолайлы шешімін тапқан [4]. Бельгияда прокурор қылмыстық қудалаудың бастамашысы болып тиісті шешім қабылдаса, ол өзінің істен



бас тарту, істі тоқтата тұру, бітімгершілік жасау туралы дискрециялық өкілеттілігін жоғалтады. Егер қылмыстық іс прокурор бастамасымен қозғалса, онда ол тергеу палатасымен немесе бірінші сатыдағы соттың қаулысымен ғана тоқтатылады.

Бұл елде прокурордың істен бас тартпайтыны бастан-ақ белгілі болғанын ескеріп, процессуалдық конфликтіні болдырмас үшін осындай шешімге барғандары көрініп тұр. Біздің елге осындай жүйе керек деп есептейміз. Прокурор құзыретіне айыптауды ғана жүктеу керек. Оған күдіктіні қорғау юрисдикциясы да жүктелетін болса, онда ол соттың не қорғау тарабының юрисдикциясын өзіне алған болып есептеледі. Бір сөзбен айтқанда қолданыстағы ҚПК-дегі осы жағдай «абсурд» деп тұжырымдауға болады.

Сондықтан жоғарыда айыптаудан бас тарту юрисдикциясын прокурордан мүлдем алып тастау керек. Онымен қоса, барлығымызға белгілі үш буынды модельдің мақсаты бітімгершілік институтындағы прокурордың өкілеттігінен алып тастау бағытында екені белгілі.

## **Нәтижелер**

Зерттеу нәтижесінде тергеуші тарапынан сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуінің нәтижесінде дайындалатын есебінің және прокурор дайындайтын айыптау актісінің мазмұндарының ұқсас екені, «Үш буынды модельдің» қайта қаралуы қажеттігі, жариялылық қағидасының негізсіз шектелмеуі, жасырын тергеу әрекетінің тергеу әрекеті қатарына жатқызуға болмайтындығы, мүдделі тұлғалар тарапынан қылмыстық іс материалдарымен кез келген уақытта танысу мүмкіндігін күшейтуді, ҚПК 340 бабы 5 бөлігін, үйқамақ түріндегі бұлтартпау шараларын және прокурордың айыптаудан бас тарту юрисдикциясын мүлдем алып тастау қажеттілігі анықталды

## **Қорытынды**

Қылмыстық процестік кодекстегі дискрециялық өкілеттіліктерді азайту, жасырын тергеу әрекеттерін, прокурордың айыптаудан бас тарту және айып тағу квалификациясын өзгерту юрисдикциясын, бұлтартпау шаралары қатарынан үйқамақ және кепіл түрлерін алып тастау, қорғау тарабының іс материалдарымен іске тігілген уақытында танысу құқығы, жариялылық, заңдылық, жарыспалылық қағидаларын шынайы түрде сақталуы үшін жоғарыда ұсынылған нормалардың қалыптасуы және қылмыстық сот өндірісінің үш буынды моделін қайта қарастыру арқылы қылмыстық сот өндірісінде толықтай болмаса да бірсыпыра сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды деген тұжырыммен мақаламызды аяқтағымыз келеді.

## **Авторлардың қосқан үлесі**

**Алтаев Е.А.** үлесі мақаланың негізгі авторы. Қылмыстық сот өндірісінде орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы тұжырымдарды, талдау жұмыстарын қалыптастырушы.

**Умиржанов Т.У.** үлесі мақала жазу барысында бірнеше идеяларды көрсетті. ҚР ҚПК-ң 340 баптың 5 бөлігінің тиімсіздігі туралы жазды.

**Алибеков С.К.** үлесі мәтін жазу стиліне, мәдениетіне, грамматикалық тәртібіне жауапты ғалым.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Біріккен Ұлттар ұйымының Бас Ассамблеясының 2003 жылғы 31 қазандағы 58/4 қарарымен қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N 31 Заңы [Электрон. ресурс]. – 2008. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031> (қаралған күні 20.05.2023)

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» № 802 Жарлығы [Электрон. ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802> (қаралған күні 20.05.2023)

3. Аягөз гарнизонының әскери прокуратурасы: Қылмыстық процестің үш буынды моделі [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvv/press/news/details/258669?lang=kk>(қаралған күні 20.05.2023)

4. Стойко Н.Г., Шагинян А.С. Уголовный процесс Англии и Уэльса, Белгии и Дании: сравнительно-правовой аспект. Красноярск [Электрон. ресурс]. - 1997. – URL: <https://law.sfu-kras.ru/data/method/e-library-kup/Mono/%D1%83%D0%B3%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%86%20%D0%94%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B8%20%D0%A3%D1%8D%D0%BB%D1%8C%D1%81%D0%B0%20%D0%B8%20%D0%90%D0%BD%D0%B3%D0%BB%D0%B8%D0%B8.pdf>(қаралған күні 20.05.2023)

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (қаралған күні 20.05.2023)

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы» N 25 нормативтік қаулысы[Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000025S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000025S_) (қаралған күні 20.05.2023)

7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» N 1 Нормативтік қаулысы [Электрон. ресурс]. – 2022. – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P98000001S\\_#z0](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P98000001S_#z0) (қаралған күні 20.05.2023)

8. Поляков М.П., Рыжов Р.С. Использование результатов оперативно-розыскной деятельности в уголовном процессе как правовой институт: монография. – М.: Дом Шумиловой И.И. – 2006. – 110 с.

Е.А. Алтаев<sup>1</sup>, С.К.Алибеков<sup>2</sup>, Т.У. Умиржанов<sup>3</sup>

1Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

2Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

3Кызылординская областная коллегия адвокатов, Кызылорда, Казахстан

### Коррупционные риски в Уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан

**Аннотация.** В статье авторы проводят всесторонний анализ коррупционных рисков в действующем Уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан. Исследование руководствуется передовой практикой некоторых стран Западной Европы в отношении уголовного судопроизводства.

В результате исследования автором был рассмотрен пересмотр Уголовно-процессуального законодательства в связи с излишними дискреционными полномочиями, предоставленными органам уголовного преследования, на основании несоответствия признаков понятия «следственные действия», ограничения возможности надзора со стороны следователя и, соответственно, в целях предупреждения угрозы фальсификации со стороны оперативно-розыскных уполномоченных, для повышения ответственности прокурора и в связи с тем, что ситуация, а также руководствуясь практикой бельгийского государства, установить юрисдикцию прокурора по отказу в обвинении по уголовному делу, переквалификации уголовного дела, которое считается совершенным со стороны подсудимого, исключению видов домашнего ареста и залога из числа мер пресечения, право стороны защиты на своевременное ознакомление с материалами дела, гласность, законность, состязательность, добросовестное соблюдение правил, предлагает усовершенствовать систему.

В целом авторы предлагают пересмотреть трехзвенную модель уголовного судопроизводства, в которой ведется работа по внедрению во избежание коррупционных рисков.

**Ключевые слова:** коррупционные риски, дискреционные полномочия, трехзвенная модель, негласное следственное действие, прокурор, меры пресечения, сторона защиты.

Е.А. Altaev<sup>1</sup>, S.K. Alibekov<sup>2</sup>, T.U. Umirzhanov<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda university, Kyzylorda, Kazakhstan

<sup>2</sup>Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yesenova, Aktau, Kazakhstan

<sup>3</sup>Kyzylorda Regional bar association, Kyzylorda, Kazakhstan

### Corruption risks in the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan

**Abstract.** In the article, the author makes a comprehensive analysis of it in the direction of identifying corruption risks in the current Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. The study is guided by the good practices of some Western European countries regarding criminal proceedings.

As a result of the study, the author considers the revision of the Criminal Procedure legislation in connection with the excessive discretionary powers granted to the criminal prosecution authorities, the establishment of secret investigative actions on the grounds of inconsistency of the concept of

"investigative actions", the limitation of the possibility of supervision by the investigator and, accordingly, in order to prevent the threat of falsification by the, it also proposes, guided by the practice of the Belgian state, to improve the system of refusal of charges in a criminal case, the jurisdiction of the prosecutor to re-qualify the criminal case considered committed by the defendant, the exclusion of types of house arrest and bail from the number of preventive measures, the right of the Defense party to get acquainted with the materials of the case in a timely manner, transparency, legality,

In general, the author proposes to Re-study the three-link model of criminal proceedings, which is currently proposed and implemented, to avoid corruption risks in it.

**Keywords:** corruption risks, discretionary powers, three-tier model, secret investigative action, prosecutor, preventive measures, defense party

Авторлар туралы мәлімет:

**Алтаев Е.А.** – заң ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Құқықтану кафедрасының меңгерушісі, Әйтеке би 29а, Қызылорда, Қазақстан.

**Әлібеков С.К.** – заң ғылымдарының кандидаты, Ш.Есеноватындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің Құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, 32 шағын ауданы, Бас оқу ғимараты, Ақтау, Қазақстан.

**Умиржанов Т.У.** – Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының адвокаты, Конаев көшесі 10, Қызылорда, Қазақстан.

**Алтаев Е.А.** – кандидат юридических наук, заведующий кафедрой Правоведения Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Айтеке би 29а, Кызылорда, Казахстан.

**Алибеков С.К.** – кандидат юридических наук, ассоциированный профессор кафедры юриспруденции Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, 32 микрорайон, главный учебный корпус, Актау, Казахстан.

**Умиржанов Т. У.** – адвокат Кызылординской областной коллегии адвокатов, улица Конаева 10, Кызылорда, Казахстан.

**Altaev E.A.** – Candidate of Law, Head of the Department of Jurisprudence of the Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke bi 29a, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Alibekov S.K.** – Candidate of Law, Associate Professor of the Department of Jurisprudence of the Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yesenova, 32 microdistrict, main academic building, Aktau, Kazakhstan.

**Umirzhanov T.U.** – Lawyer of the Kyzylorda Regional Bar Association, 10 Konaeva Street, Kyzylorda, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).